

Создаются новые образовательные и социальные практики, появляются новые партнеры, и сама педагогическая деятельность выходит за рамки сферы образования. Это позволяет объединить профессионалов в различных областях деятельности, основным результатом чего становится появление не только предметной компетентности, но и способности к переносу способов действия в одной предметной области в другую.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к обществу всеобщего труда»: материалы республиканской августовской педагогической конференции работников образования в 2012 году.
- 2 Гин А. А. Семь противоречий нового образования // Народное образование. – 2004. – № 8. – С. 51.
- 3 Ковалева Т.М. Школьные умения и ключевые компетентности – что общего и в чем различие // Педагогика развития: Ключевые компетентности и их становление: мат. 9-й научно-прак. конф. - Красноярск: Красноярский гос. ун-т, 2003. – С. 66–67.
- 4 Компетентностный подход как способ достижения нового качества образования: материалы для опытно-экспериментальной работы в рамках Концепции модернизации российского образования на период до 2010 года. – М., 2002. – С. 7.
- 5 Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте качества образования// Стандарты и мониторинг в образовании. – 1999. – №2 – С. 30–34.
- 6 Ключевые компетенции и образовательные стандарты: доклад А.В. Хуторского на Отделении философии образования и теоретической педагогики РАО 23 апреля 2002 г. – Центр «Эйдос», [www.eidos.ru/news/compet.htm](http://www.eidos.ru/news/compet.htm), e-mail: [info@eidos.ru](mailto:info@eidos.ru)».

### ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘЛІМДІК ОЙЛАРДЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Хамзина К.Б.,*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының, Қазақстан*

*Annotation.* The article focuses on the implementation of the medieval social and educational ideas in teaching and educational process.

*Аннотация.* В статье речь идет о внедрении средневековых социально-воспитательных идей в учебно воспитательный процесс.

Адам – жаратылыстың ең күрделі феномені, табиғаттың құрамдас бөлігі. Биологиялық «тірі жан» ретінде дүниеге келіп, жаратылыстың бөлінбейтін құрамы болғандықтан табиғаттың, қоғамның, қоршаған ортаның, тәрбиенің, оқытудың, ойынның, еңбектің ықпалымен әлеуметтік «жан иесі» – адамға айналады.

Адам туралы ілімге қосылған «әлеуметтену» деген ұғым саяси экономикадағы жерді, өндіріс құралдарын қоғамның меншігіне айналдыру дегеннен алынып, баланы немесе жеке тұлғаны қоғамда өмір сүруге бейімдеп, даярлау дегенді білдіреді.

Әлеуметтену – индивидтің қарым-қатынасы және іс-әрекеті барысында жүзеге асатын үдерісі және оның әлеуметтік тәжірибені игеруінің нәтижесі.

Әлеуметтену қай бір қоғамдағы әр түрлі бағыттағы факторлар сипатына ие болатын әр түрлі өмірлік жағдаяттардың жеке тұлғаға стихиялық ықпалы ретінде де, сондай-ақ тәрбие жұмыстарын жүргізу кезінде, яғни жеке тұлғаны мақсатты бағытта қалыптастыру жағдайында да жүзеге асуы мүмкін. Тәрбие әлеуметтендірудің жетекші әрі айқындаушы негізі болып табылады.

Әлеуметтендіру – мәдени құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды үйрену мен жетілдіру үдерісі немесе қоршаған әлеуметтік ортаның адамның бүкіл өмірі барысындағы дамуына ықпалы. Сонымен қатар, адамның өмір сүретін қоғамына өзін бейімдеуі мен бейімделуі.

Бүгінгі таңда оқу-тәрбие міндеттерін қоғам талабына сай ұйымдастыру әлеуметтендіру міндеттерімен байланысты қарастырылады. Өйткені тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін оның қоғам талаптарын қанағаттандыруы міндетті. Осы тұста ғалымдар Ж.Б. Қоянбаев пен Р.М. Қоянбаевтар өздерінің «Педагогика» оқулығында тәрбие түсінігіне әлеуметтендіру тұрғысында сипаттама береді. Онда «Тәрбие дегеніміз – жастарды қоғамда өмір сүруге және еңбек етуге бейімдеу» деп анықтама берген. Мұның өзі, ең алдымен, жастарды өмір сүріп отырған қоғамына сай түсінігі мен дүние танымын, әлеуметтік көзқарастарын қалыптастыру десе, екіншіден, өмір сүріп отырған қоғам талаптарына сай еңбек ету дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді. Сондықтан әлеуметтендіру үдерісі де арнайы мақсат көздеп ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріспен тығыз байланысты құбылыс.

Әлеуметтік тәрбие ол адамға көмектесу үдерістегі дамуына, жетістікке жетуіне, қоғамдық қарым-қатынасты бағдарлай білуін білдіреді. Әлеуметтік тәрбие жанұяда, мектепте барлық білім беруде еңбек етеді. Әлеуметтік жұмыс термині адамға, топқа көмек көрсетуді оның әлеуметтік жағдайын жақсартуда оның кәсіби қызметін білдіреді.

Жеке адамдарды қалыптастыру және оны әлеуметтендіру әлеуметтік тәрбиемен байланысты. Әлеуметтік тәрбие дегеніміз не? Бұл қоғамдағы өсіп келе жатқан ұрпақты қамқорлыққа алу. Қазақстандағы тәрбиелеу адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын қадағалайды. Физикалық, психикалық әлеуметтік даму қоғамдық, мемлекеттік және жеке оқу тәрбие орындарында құрылады. Бұл құрылым әлеуметтік қараусыз қалған жанұялармен балалардың дамуына бағытталған көмек; балаларды тәрбиелеуде адамдар мен табиғатпен қарым-қатынас жасай білуді, кризистік жағдайда жанұямен балаларға көмек; әлеуметтік тәрбие білім мен оқумен баланың өзіндік білім алуымен тығыз байланысты.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарға қатысты зерттеулердің көпшілігі оның теориялық мәселелерін көтерсе, салыстырмалы педагогика аясында шетелдердегі тәлім-тәрбие жұмыстарын зерделеп, ондағы пайдалы, практикалық маңызды тұстарын іріктеп алып, отандық оқу-тәрбие үрдісінде қолдану мәселесі де қарастырылуда. Алайда кейінгі кезде әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің күн сайын көбейіп отырғанына, оларды басқару үшін арнайы білім қажеттігіне, осыған орай мамандардың жеткіліксіздігіне қарамастан, әлеуметтік-педагогтарды даярлаудың отанымызда дағдарысқа ұшырауы, әрине, өкінішті. Десек те, осы бағыттағы зерттеулерді тоқтатпау, қайта әлеуметтік мәселелерді шешуге көмегі тиеді-ау деген тұстарын тереңдете түсу керек деген пікірдеміз.

Бүгінгі әлеуметтік мәселелер қоғамның жаңғыруына қарамастан, ертеден келе жатқан, көбеймесе азаймай отырған бір сала екені белгілі. Әлеуметтік педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын зерттей келе оларды шешу жолдарын ертедегі тарихи, әдеби мұралардан іздестіру және оны практикада қолдану жолдарын қарастыруымыз керек.

Орта ғасыр ғұламалары атанған Қорқыт Атадан басталатын Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж. Баласағұни, Қ.Иасауи, т.б. ғұламалар тізбегінің еңбектеріндегі әлеуметтік-тәлімдік ойларды іріктеп алып оларды оқу-тәрбие үдерісіне жүйелі ендіру жолдарын ойластырдық.

Белгілі болғандай, оқу-тәрбие үрдісінің жүйелік құрамының құрылымы қашанда ондағы аса маңызды компоненттерден тұрады. Олар орындалмақ істің не болмаса жүзеге асырылмақ ойдың басты мақсаты және одан келіп шығатын міндеттері болып, мұнда алынған мақсат бөлшектеніп теориялық және практикалық міндеттер көрсетіледі. Одан соң мақсатқа қол жеткізу үшін атқарылатын іс-шараның мазмұны, жұмыс түрлері немесе формалары, т.б. анықталады.

Бұл ретте, орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойларын танып-білу жұмыстарын жүзеге асыру мазмұнында алдымен әлеуметтік педагогиканың теориялық тұстарын ашып көрсету керек. Мұнда әсіресе күйзеліске ұшыраған адамдардың мінез-құлық ерекшеліктерімен, ауытқу түрлерін саралап алып, оларды реттеудегі ерекшеліктерін ескеру қажет. Себебі орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойлары көбінесе діни ұғымдар, наным, сенімдермен, шарият талаптарымен тығыз байланысты. Мысалы, Жүсіп Баласағұни-

дың «Құтты білік» еңбегіндегі ақыл, білім, тіл жайындағы ойлары Тәңірі, Алла тағала және Қасиетті құрандағы негізгі пікірлермен астарласып, көмкеріліп беріледі. Айталық оның:

Тәңірі адамдарды жаратты, үздік етті,

Оған өнер, білім, ақыл берді.

Көңіл берді, әрі тілін сайратты,

Ұят берді: (сондықтан) мінезі мен қылығы сынық, – деген өлең шумақтарынан көріп отырғанымыздай, ол жаратушыға шек келтірмейді де адамның бойындағы ерекшеліктерді әлеуметтік ортаға бейімделу үшін берілген деп санайды. Адамның басқа жан иелерінен айырмашылығын адамға жаратушыдан берілген сый ретінде қарастыра келіп, оларды: өнер, білім, ақыл, ой, көңіл немесе сезім, мінез деп санап көрсетеді. Сонымен қатар өлеңдегі «сынық мінез» сөзінің астарында әлеуметтік ортаға бейімделудің бір тәсілі, халқымыздың мақал-мәтелдерінде көрсететін «мінезің қорғаның болсын» деген адамның өзін ұстауына қатысты пікірмен айқындалады.

Сол секілді, Қожа Ахмет Иасауидің:

Менің хикметлерім Алладан фәрман,

Бар мағынасы құран...

Ғашық болсаң әуелі барып хақты таны...– деуінің өзі-ақ біздің пікірімізге дәлел.

Сол секілді өз пікірлерін Ұлы, құдіретті Алла тағаланың қасиетті сөздерімен байланыстыратын ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби. Ол туралы белгілі философ, ғалым Ә. Нысанбаев «көне гректің бай мұрасын жан-жақты игерген ол аристотелизм мен ислам идеяларына өте терең талдаулар жасады», – дейді. Осы және басқа да орта ғасыр ғұламаларына қатысты пікірлерді ескере келіп, олардың әлеуметтік-тәлімдік ойлары Құран және Шарифатқа негізделеді десек жаңылмаймыз.

Болашақ әлеуметтік педагогтар мен басқа да педагог мамандарды орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойларымен таныстыру және меңгерту арқылы оны практикалық іс-әрекетінде пайдалану әсіресе өзін-өзі тәрбиелеуде басшылыққа алуына шарт түзу деп белгіленді.

Халық педагогикасындығы әлеуметтік-тәлімдік ойларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізудің міндеттері:

– студенттерді орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойларының маңызы және діни философиялық негізімен таныстыру;

– орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойларын танып-білуін ұйымдастыру;

– студенттерге орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойларын практикада пайдалану жолдарын үйрету.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін алынған міндеттерді жүзеге асырудың басты құралдарын қарастыру қажет. Әрине, олар осыған орай әзірленген әртүрлі оқу-әдістемелік материалдармен қоса техникалық, электрондық, көрнекілік, тарату құралдары мен жабдықтар болып табылады.

Студенттермен ұйымдастырылатын жұмыс түрлеріне келетін болсақ, ол – арнайы курстың негізгі теориялық, тарихи-әлеуметтік тұстарын жеткізуге бағытталған дәрістер және студенттердің алған білімін тексеру, өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру және білімін тереңдету, тексеру жұмыстары жүргізілетін семинар, практикалық сабақтар мен алған білімінің ауқымы мен деңгейлерін айқындау шараларымен қоса өзіндік және аудиториядан тыс жұмыстар болып табылады.

Сонымен студенттерге оқылатын дәрістерде мынадай басты әлеуметтік-тәлімдік пікірлерді негізге алу керек:

– жетім-жесірлер мен мүсәпірлерге жәрдем беру;

– мүгедек, кемтар (ақылы кем, дене мүшесі зағип) жандарға қарайласу;

– қараусыз қалған қарттар мен балаларға көмектесу;

– әртүрлі себептермен жаза орындарында отырғандар мен жабық мекемелердегі балалар мен жастар, ересек адамдарға көмектесу;

–нәпсі азабына түскендер – нашақорлық, маскүнемдік, құмар ойындарға құштарлық, ұрлық пен зорлық зомбылық істеп соның азабын тартушыларға көмектесу.

Әлеуметтік педагогикадағы көмек түрлері: материалдық және рухани көмек немесе жан дүниесіне, психикасына зиян келгендерді қатарға қосу; жабық мекемелерден босап шыққандарды қатарға қосу, т.б.. Бұлардың барлығы орта ғасыр ғұламаларының еңбектерінде қарастырылған. Олардың әлеуметтік- тәлімдік ой-пікірлерінің басты ерекшелігі – әр адамның өз іс-әрекетін шариғат жолымен шамалап, өлшеп, Құран сөздерімен байланыстыру талабы. Одан кейінгі тағы бір ерекшелік, қайырым, мейірім, кемтарларға қарасу, жолдан азғандарды қатарға қосу секілді істер, адамдықтың ең басты белгісі ретінде қарастырылуы.

Орта ғасыр ғұламаларының ең басты идеяларының тағы бірі әдетте байқалмайтын, көзге көрінбейтін, бірақ жеке адамның өзіне ғана сезілетін басқаларға жан азабын тартқызбау. Бұл – қазіргі кезде заң жүзінде тыйым салынған адамдардың психикасына, ар, намысына зиян келтірмеу, жан азабын тартқызбау. Бірақ бұл мәселені бақылау, дәлелдеу өте күрделі болуы себепті, әр адамның өзінің ақыл, парасатына ғана жүгінуге тура келеді. Алайда қазіргі кезде адамдар арасында өте кең қанат жайған қысастық көрсету, сөзбен қорлау, жәбірлеу, өсек-өтірік, лақаптар тарату, біреуді екінші біреуге айдап салу секілді, т.б. орын алуда. Бұларға тыйым салу күрделі болғандықтан, тек қана адамдардың ақыл-парасаты мен психикалық саулығына сүйенуге болады.

Орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойларын танып-білу – адамдардың жан дүниесін емдеу, ақыл парасатын толықтыру, бекзаттық жолын нұсқаудың ең ұтымды жолы. Сондықтан олардың шығармаларындағы мынадай пікірлерге мән беру керек:

- алланы тану, сол арқылы өзін тану;
- өз іс-әрекетін үнемі бақылап, қадағалап отыру;
- тіл байлығы мен сөз өнерін орынды пайдалану;
- басқаларға әрқашан жақсы үлгі-өнеге көрсетуге ынталы болу;
- әртүрлі қақтығыстардан аулақ болу және оларды болдырмауға ұмтылу;
- кешірімділік пен қайырым, мейірімдік-адалдықтың зор белгісі екенін білу және іс жүзінде ұстану;
- адамдардың жан дүниесін азаптайтын істерден аулақ болу;
- нәпсіні тыю: нашақорлық, маскүнемдік, құмар ойындардан аулақ болу.

Әл-Фараби «Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады» деген.

Орта ғасыр ғұламаларының әлеуметтік-тәлімдік ойларын оқу–тәрбие үрдісіне ендірудің барлық мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі туындап отырғаны даусыз. Өйткені қазіргі кезде әлеуметтік-педагогикалық қызметтің қаншалықты қажет екенін күннен-күнге көбеймесе, азаймай отырған әлеуметтік мәселелер осыған меңзейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әтемова Қ.Т. Әлеуметтік педагогика: оқулық. – Алматы, 2012.
- 2 Халитова І. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: «Білім» баспасы, 2007.
- 3 Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж. Педагогика. – Алматы, 2000.
- 4 Баласағұни Ж., Қашқари М. Қ.А. Иасауи. – Алматы: Ғылым, 1995.
- 5 Жарықбаев Қ. Құтадғу біліктегі: тәлім-тәрбие мәселелері. – Алма-Ата: Жалын, 1974.
- 6 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: «Санат», 1995.